

Бастауыш класс оқушыларының математикалық олимпиадалар мен байқаулардан жеткен жетістіктері де біршама.

2022 – 2023 оқу жылы Аудандық “Бастау” атты математикалық құрама топтық олимпиадасында III орын. Жетекшісі: Ж. Мухтарова

2023 – 2024 оқу жылы Аудандық “Бастау” атты математикалық құрама топтық олимпиадасына қатынасып мақтау қағазымен марапатталды.

Алмас Анель 3 сынып Бастау /математика 3 сынып/ Республикалық олимпиадасында II орын. Жетекшісі: А. Сүйесінова

2022 – 2023 оқу жылы 4 сынып оқушылары арасында өткен **аудандық «Кішкентай білгірлер»** интеллектуалдық командалық олимпиадасы «Үшбұрыш» тобы III орын. Жетекшісі: А. Қыстаубаева
Қатысқан білім алушылар:

1. Аманғазы Елнұр
2. Аманжол Қасым
3. Аманғазы Талант

2023 – 2024 оқу жылы «Ойшылдар» тобы III орын. Жетекшісі: Ш. Есмұханова
Қатысқан білім алушылар:

1. Алмас Анель
2. Аманғазы Талант
3. Жансұлтан Альфинұр

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2022-2023	Команда 3 оқушы			+						
2023 – 2024	Команда 3 оқушы									
2024 – 2025	Команда 3 оқушы									

2023 – 2024 оқу жылы Оқушыларға ынтымақтық тірегі, руханияттың күзетшісі болатын театр өнері арқылы эстетикалық сезімдерін және оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру мақсатында **“Қуыршақтар әлемі”** балалар театры

Атшібай Анель 2 сынып «Ертегілер еліне саяхат» атты аудандық байқауының «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша актерлік шеберлігі мен шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін III орын. Жетекшісі: Ш. Бисенғалиева

Нұраханоова Кәусар 3 сынып «Ертегілер еліне саяхат» атты аудандық байқауының «Үздік ертегіші» номинациясы бойынша актерлік шеберлігі мен шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін III орын. Жетекшісі: К. Омарова

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2022 – 2023										
2023 – 2024				2						

2022 – 2023, 2024 оқу жылы: 5 - 6 сынып оқушылары арасындағы олимпиада қорытындысы: Математика, ағылшын, қазақ тілі, тарих пәні бойынша: **Өтеген Таңшолпан 6 сынып** жалпы білім беретін мектептердің 5 – 6 оқушылары арасында «Достық – 2024» кешенді пәндік олимпиадасының аудандық кезеңінде жақсы нәтиже көрсеткені үшін мақтау қағазы. **Алшынбекұлы Жүсіпбек 6 сынып** Жалпы білім беретін мектептердің 5 – 6 сынып оқушылары арасында «Достық – 2024» кешенді пәндік олимпиадасының аудандық кезеңінде мақтау қағазы. **Қалиахмет Зере 5 сынып**

Сайман Альбина 8 сынып. Республикалық жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы III дәрежелі диплом.

Аманжол Гүлдерай 8 сынып Республикалық жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы III дәрежелі диплом.

Орынбасар Айанат 8 сынып Республикалық жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота» зияткерлік олимпиадасы III дәрежелі диплом.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сыныптар арасындағы пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша:

✓ Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша: Өтеген Таңшолпан мақтау қағазы. Жетекшісі: Р. Абдрахманова, Қалиахмет Зере мақтау қағазы. Жетекшісі: Л. Отарғалиева

✓ Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша: Аманкелдіұлы Алмат. Мақтау қағазы. Жетекшісі: Г. Бюрина

✓ Қазақстан тарихы пәні бойынша: Жансұлтан Мухамедияр III орын. Жетекшісі: А. Темиргалиева

✓ Жаратылыстану пәні бойынша: Оңдасын Жанайым. II орын. Жетекшісі: Ф. Абдрахманов

Математика пәні бойынша – Аманғазы Елнұр II орын. Алшынбекұлы Жүсіпбек II орын. Жетекшісі: А. Бисенғалиев

2022- 2023 оқу жылы гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша Республикалық пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі

Максаты: оқушылардың оқу танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін гереңдету, ғылымға деген қызығушылықтарын дамыту, оқушыларды аймақтық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау. Олимпиадаға 8-11 сынып оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, қазақстан тарихы және құқық, математика, информатика, физика, химия, биология және география пәндерінен барлығы – 98 білім алушы қатысты. Оның ішінде әр пәннен қатысқан оқушы санына тоқталар болсақ:

Құқық – Рысқали Нұрлыбек I дәрежелі диплом, Русланұлы Санжар III дәрежелі диплом, Сұлтан Айда III дәрежелі диплом. Жетекшісі: А. Темиргалиева

Қазақстан тарихы – Каримжан Аяжан. II орын. Жетекшісі: А. Темиргалиева

Математика – Оразғалиев Өтепбек. Мақтау қағазы. Жетекшісі: Ә. Омарова

Биология – Жолдыбайқызы Әлия. Мақтау қағазы, Орынбасар Айанат Жетекшісі: А. Тиржанова

Информатика – Сұлтан Айда. Мақтау қағазы. Жетекшісі: Р. Сатығалиева. Русланұлы Санжар мақтау қағазы. Жетекшісі: Қ. Сисенбаева

Физика – Серікбай Мирас. Мақтау қағазы. Жетекшісі: И. Оразғалиева

География – Аманкелдіқызы Қымбат. Диплом. Жетекшісі: Ф. Абдрахманов

Қазақ тілі - Тоғызбаева Әсел II орын. Жетекшісі: Р. Абдрахманова

Орыс тілі – Аманкелдіқызы Әлия. I орын. Омарқызы Сәуле Жетекшісі: Г. Бюрина

Оқушылардың қалалық (аудандық, облыстық, республикалық) олимпиадаларға қатысуын кестенің жалғасы

2023– 2024 оқу жылында Республикалық 7-8 сынып оқушылары арасындағы жаратылыстану математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасы аудандық кезеңі бойынша :

✓ информатика - Жарасқали Ақбота мақтау қағазы. Жет: Р. Сатығалиева

✓ география – Аманкелдіқызы Қымбат диплом. Жетекшісі: Ф. Абдрахманов

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған

2022-2023 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2019 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп Ойыл аудандық білім бөліміне сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2023-2024 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

Еркінова Ж, Бисенғалиева А – жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.

Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 13 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Педагогтердің ІТ құзыреттілігін арттыру
2022-2023 о.ж	38	7	-	2
2023-2024 о.ж	37	13	3	9

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 4. Оның ішінде 2 жас маман – Бисенғалиева Айдана, Еркінова Жанаргүл, 1 педагог – Абдрахманова Светлана денсаулығына байланысты жұмысқа жарамсыздық қағазы негізінде 2024 жылдың 8 қыркүйегіне дейін демалыста. 1 педагог - Дауленова Мактым өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі тәлімгер жұмысына ауысуына байланысты осы жылы тәлімгерлік бойынша курстан өтуге Ойыл аудандық білім бөліміне өтініш беріп қойды.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2022-2023	Тургангазин Е.А «Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» 24.05-04.06.2021ж 80 сағат №0408791		
2023-2024 оқу жылы	Тургангазин Е.А «Тұрақты даму жағдайындағы білім беру сапасын басқару» 25.09-06.10.2023ж 80 сағат №0696473		

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары екеуі де биыл 3-ші жыл жұмыс жасап жатқандықтан алдағы уақытта курсқа баруға ниетті.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «bilimklass.kz» пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, тек 7-9 сыныптардағы «Алгебра» пәні журналға «Алгебра және анализ бастамалары» деп қате түскен. «bilimklass.kz» журналын толтырған кезде пән аты автоматты түрде тандалып кеткен толтырған әкімші жауапты маман И.Б.Оразғалиеваның қатесі.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 356 сағат, негізгі орта білім беруге 536,5 сағат, жалпы орта білім беруге 156 сағат, барлығы 1048,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылы оқу мерзімінің 36 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 1048,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2025ж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik.kz» және «Bilimklass.kz» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz және «bilimklass.kz»-те толтырылған.

-білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтардысініруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне